

чения в учебный процесс средних профессиональных учебных заведений; разработку универсального механизма учета академических достижений обучающихся на разных уровнях системы непрерывного профессионального образования; создание единой накопительной системы кредитов в системе непрерывного профессионального образования. Эти проблемы составляют предмет нашей дальнейшей исследовательской деятельности.

### Список литературы

1. Учебно-методический комплекс по дисциплине «Транспортные двигатели» / Сост. А.М.Затынейко. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2006. — 86 с.
2. Учебно-методический комплекс по дисциплине «Дорожные условия и безопасность движения» / Сост. А.М.Затынейко. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. — 94 с.
3. Методические указания для расчета курсовой работы по дисциплине «Транспортные двигатели» для студентов специальности 300440 — «Организация дорожного движения». — Караганда: ЦТО «Семира», 2005. — 44 с.
4. «Көлік қозғалтқыштары» пәнінен курстық жұмысты орындау үшін 300440 — «Жол қозғалысын ұйымдастыру» мамандығының студенттеріне арналған әдістемелік нұсқау // Қарағанды: «Семира», 2005. — 44 с.
5. Сакаева А.Н. Повышение качества профессиональной подготовки студентов в процессе дистанционного обучения: Дис. ... канд. пед. наук. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2009. — 152 с.
6. Архангельский С.И. Лекции по научной организации учебного процесса в высшей школе. — М.: Педагогика, 1976. — 200 с.
7. Педагогика / Под ред. Ю.К.Бабанского. — М.: Просвещение, 1988. — 479 с.
8. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика: Учеб. пособие для студентов пед. учеб. завед. — М.: Школа-Пресс, 1997. — 512 с.
9. Педагогика: Учеб. пособие для студентов пед. вузов и пед. колледжей / Под ред. П.И.Пидкасистого. — М.: Пед. общество России, 1998. — 640 с.

ӘОЖ 378.147

## Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында шетел тілін оқытудың проблемалық әдісі

Ибраева А.С., Абишева Г.И.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассматривается процесс личностного развития обучаемого, развития его социальных качеств с использованием проблемного метода и степень исключения родного языка обучаемых во время занятий по иностранному языку. Выделены основные проблемы применения приёмов и способов данного метода, помогающие предупредить появление языкового барьера. Показаны критерии отбора метода обучения, в соответствии с которыми используемый метод стимулирует интересы обучаемых, вовлекает в учебный процесс их эмоции, чувства и ощущения, активизирует обучаемых, учит работать самостоятельно, предусматривает различные формы работы на занятии.

This article discusses the process of students' personal development, their social development of properties using the problem method and the degree of exclusion of the native language of students in the foreign language classroom. The basic problems of methods and techniques of this method are distinguished, which helps to prevent the emergence of a language barrier. Presented the selection criteria of the method of training, according to which method to use stimulates students' interests, engages in the learning process of their emotions, feelings and sensations, activates learners self work, provide various forms of work in class.

Кәсіби деңгейі жоғары шетел тілдерінің мұғалімдерін даярлауда жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие жұмысын нәтижелі іске асыру, жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жас мамандардың білім, білік және дағды сапаларының дайындық дәрежесі қоғамдағы аса маңызды міндет болып табылады.

Шетел тілдері мұғалімінің кәсіби іскерлігінің ерекшелігі мұғалімнен тек шетел тілдерін оқыту саласындағы білім, дағдылар мен біліктіліктер жүйесін меңгеруді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар жеке тұлғалық қасиеттерді — ақыл-ой ұшқырлығын, жүйелі ойлауды, белсенділікті, динамикалық түрде өзгеріп тұратын өмір және кәсіби өмір жағдайларына бейімделе білуді, кәсіби міндеттерді шешуге шығармашылық тұрғыдан қарауды, өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге дайын болуды талап етеді.

Мұғалім — қазіргі жағдайда тек ғылымдар саласынан хабарлама беруші ғана емес, сонымен бірге оқушылардың дүниетанымдық іс-әрекетін, өз бетінше бірігіп жұмыс орындауын, ғылыми шығармашылығын ұйымдастырушы.

Қазіргі кезде жоғары оқу орнында оқу процесі өзінің міндеті мен мазмұны жағынан күрделене түсуде. Ол ұстаздардан оқу-іс әрекетінің заңдылықтарын, принциптерін, оқыту және тәрбие әдістерін, тұлғаның қалыптасуын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан терең меңгеруді талап етеді.

Қазіргі дидактика ғылыми-оқу процесінде оқушының белсенділігін арттыруға, әдістерді жоспарлауға, ұйымдастыру мен бақылауды пайдалануға көп көңіл бөледі. Бұл жағдайда мұғалім оқу процесін ұйымдастырушы болып табылады. Оқушының белсенділігіне басты назар аударылады.

Әдістеме — мұғалім тәрбиесінің педагогикалық шеберлігінің негізі.

«Әдіс» сөзі мынадай ұғымда қолданылады: біріншіден, ол оқытудың белгілі бір мақсатына, мазмұнына және қағидаттарына (принциптеріне) негізделген тұтас бір бағыт. Мысалы: грамматикалық-аудармалық әдіс, тура әдіс т.б.

Екіншіден, «әдіс» сөзі белгілі бір автордың ұсынған оқыту жүйесіндегі бағытын білдіреді. Мысалы: тура оқыту әдісіндегі Франсуа Гуэн әдісі, Г.Пальмер әдісі, Майкл Уэст әдісі т.б.

Үшіншіден, әдіс дегеніміз — оқушы мен оқытушының арасындағы белгілі бір тәртіпке байланысты процесс. Бұл ретте әдіс оқытудың қағидаттарымен айқындалатын іс-әрекет арқылы анықталады.

Егер оқытуды тұтас жүйе ретінде алып қарасақ, оның екі құрастырушысы бар: оқытушы (мұғалім) және оқушы (оқушы, студент). Оқытушы оқушының оқуға деген қызығушылығын оятып, оны басқарып, бағыттап отыруы керек. Оқу — өте белсенді процесс, онда оқушы оқыту жұмыстарының бәріне қатысуы керек. Бұл екі жақты іс-әрекет: біріншісі — оқытады, екіншісі — оқиды, мұнда екі жақтың атқаратын іс-әрекетін бөлек қарауға болады.

Оқытушы ұйымдастыру, оқыту және бақылау қызметтерін іске асырады. Ал оқушының міндеті — оқу материалымен танысу, үйренген шет тілін арақатынас құралы ретінде қолдана білу, үйрену және шет тілінде түсінгенін айтып, еркін сөйлеуге талпыну.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады.

Оқыту әдістемесінде проблемалық оқыту әдісі жаңа әдіс болып табылмайды: ол ХХ-шы ғасырдың 20–30-жылдары кеңестік және шетел мектептерінде тарала бастады. Проблемалық оқыту әдісі американдық философ, психолог және педагог Дж.Дьюидің (1859–1952) теориялық ережелеріне негізделеді, ол 1894 жылғы Чикаго қаласындағы тәжірибелі мектептің негізін салушы, бұл мектепте оқу жоспары ойын және еңбек ету әрекеттерімен алмастырылған. Оқу, жазу, есептеумен айналысу балалардың физиологиялық дамуына байланысты кенеттен пайда болатын инстинкті түрдегі қажеттіліктеріне орай жүргізілді. Дьюи оқытудың төрт инстинктін атап көрсетті: әлеуметтік, құрастырушылық, көркем айқындау және зерттемелік [1]. Осы инстинктерді қанағаттандыру үшін балаға таным көзі ретінде: сөз, көркемөнер шығармалары, техникалық құралдар ұсынылды; балалар ойынға және тәжірибелік әрекет — еңбекке тартылды.

*Дж.Дьюи бойынша, концептуалдық ережені қарастырайық:*

- бала даму барысында адам баласының тану жолын қайталайды;
- білімді сіңіру кенеттен болатын, басқарылмайтын үрдіс болып табылады;
- бала материалды тек қана есту немесе сезім мүшелері арқылы қабылдау арқылы ғана емес, сонымен қоса білімге деген қызығушылықтан туған қажеттіліктің нәтижесі ретінде, білім алуға белсенді субъект бола отырып қабылдайды.

*Білімді жақсы меңгерудің шарттары:*

- оқу материалының проблемалылығы (білім-балалар, таңдану, қызығушылық);
- баланың ынтасы (білімді «бар ынтасымен» сіңіру);
- білімді бала өмірімен, ойын және еңбек арқылы байланыстыру.

1923 жылы КСРО-да Дьюи негіздемесінде кешенді жобалар болды («өндірістік финанстық жоспар үшін күрес», «коллективтендіру мақсатында» жобаларын орындау барысында білім меңгерілді). Сыныптағы сабақ беру жүйесі ескірген болып жарияланды, оның орнына лабораториялық-бригадалық әдіс енгізілді. Дегенмен 1932 жылы осы оқыту әдістері Бүкілодақтық Коммунистік партияның Орталық Комитетінің қаулысы бойынша қиял болып табылады делініп, алынып тасталды. Сонан соң XX-шы ғасырдың 80-ші жылдарында педагогикалық әдебиет бетінде осы мәселеге байланысты көптеген мақалалар жарық көрді. Сонымен, «Жоғары мектеп жаршысы» журналының 1976 жылғы № 2 санында Т.А.Ильинаның мақаласы жарық көрді. Онда ол проблемалық оқыту әдісі педагогика ғылымындағы абсолютті түрдегі жаңалық емес, бұл мәселе Сократ, Руссо, Дистервег, Ушинский, Дьюи есімдерімен байланысты дегенді айтты, осыған байланысты кең пікірталас жүргізілді. Дәстүрлі түрде оқытуға қарағанда проблемалық оқыту әдісінде «қызығушылық тудыру жүйесі басқаша, талаптану басты орынға қойылады». 1983 жылы сол журналдың № 12 санында профессор Н.Д.Никандрованың осы проблемалық оқыту әдісіне байланысты 1976–1983 жылдары алдыңғы қатарлы ғалымдардың жазған 27 мақалалары мағлұматтарын қорытындылаған мақаласы жарық көрді [2].

Дискуссия барысында проблемалық оқыту әдісінің мәні жайында келісімге қол жетпеді. Мысалы, А.Э.Штейнмец проблемалық оқыту әдісін «оқыту принципінен гөрі ғылыми принципті жүзеге асырудағы болашақ тәсілдердің бірі» деп есептеді [3]. Ал Л.А.Волчегурский проблемалық оқыту әдісі «ойлау процесі заңдылықтарын және білімді меңгеру шарттарын ашық түсінуге, танымдық қабілетті дамытуға негізделген, оқушылардың танымдық, шығармашылық, теориялық және практикалық іс-әрекетін басқарудың тиімді жүйесі» дегенді айтты [4]. Э.Г.Мингазов өз кезегінде «проблеманың болуының өзі дидактикалық принцип» деп шешімді түрде бекітті [5]. В.Я.Скворский Э.Г.Мингазовтың пікірін жоққа шығарды және «проблемалық оқыту — әдіс те, форма да, принцип те, жүйе де, оқытудың түрі де емес, оның мәні оқу процесіне қатысушылардың өзара әрекетінің ерекшелігінде» деп есептеді [6]. Осы уақытта Т.А.Ильина проблемалық оқыту әдісін даралауға болмайды, бірақ оқушылардың ақыл-ой қабілетін дамыту мақсатында кеңірек қолдану керек деп жазды [7].

Осы мақалалардан басқа да жұмыстарда проблемалық оқыту әдісі оқытуды белсендіру, нақты бір пәнді оқытудың тиімділігін көтеру құралы ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда проблемалық оқыту әдісі деп, нәтижесінде білімді, шеберлікті, дағдыны шығармашылық тұрғысынан меңгеруге қол жететін және ойлау қабілетін дамытатын мұғалімнің басшылығымен проблемалық ситуацияларды және оларды шешудегі оқушылардың белсенді өздік іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейтін оқу сабақтарын түсінеміз. Проблемалық оқыту әдісіне тән қасиет, білім және іс-әрекет тәсілдері дайын түрінде берілмейді және оқушы сүйенетін дұрыс сөйлеуге кепілдеме болатын ережелер мен нұсқаулар ұсынылмайды. Әдістің бүкіл мәні оқушының ізденімпаздық әрекетіне жағдай жасаудан тұрады. Осындай тәсіл қазіргі уақыттағы білім берудегі жеке тұлғаны тәрбиелеу және осы тұлғаны дамыту заңдылықтарымен, адам психологиясымен, негізінен проблемалық ситуацияларда қалыптасатын, жеке алғанда, ойлау және қызығушылықпен байланысты. Сонымен қатар қазіргі замандағы ғылыми білімнің проблемалық сипатқа ие екендігін ұмытпағанымыз жөн (кез келген ғылыми жаңалық бір немесе бірнеше сұрақтарға жауап береді және ондаған жаңа сұрақтар тудырады).

Оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру, пәнге деген қызығушылықты дамыту, дербестікті қалыптастыру, оқып-білуге деген шығармашылық көзқарас табысты болады, егер де ұсынылған тапсырмалар шығармашылықты қажет ететін болса, мұғалім мәлімдеме жасамай, үнемі пікір алысса, ойланып-толғанса, басқа көзқарас өкілдерімен пікір таластырса, оқушыларды өз ойларын дәлелдеу, негіздеу процесіне белсендірсе.

Проблемалық оқыту әдісі белсенді әдістердің қатарына жатады. Бұл әдіс проблемалық принцип анағұрлым бірізділікпен жүзеге асатын, оқып-білудің объективті қайшылықтарын қолдануды жобалайтын және осы негізде білімді іздеуді ұйымдастыратын, оқушылардың интеллектуалдық әрекетін және дамуын басқаруда педагогикалық басшылық жасау тәсілдерін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі психологиялық-педагогикалық теорияға және практикаға сәйкес келеді.

Проблемалық оқыту дәлелдеудің ерекше түрі — мотивацияға негізделеді, сондықтан проблемалық ситуациялар тізбегі ретінде көрсетілуге тиісті материалдың дидактикалық мазмұнын адекватты құрастыруды талап етеді. Ғылыми білімнің генезистегі логикасының өзі проблемалық ситуациялардың логикасын көрсетеді, сол себепті оқу материалының бір бөлігі ғылым тарихындағы

шынайы қайшылықтардан тұрады. Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, проблемалық әдістер — қиын мәселелерді іздеп шешуден тұратын, білімнің өзектілігін, сараптауды, жеке деректерден құбылыстарды, заңдылықтарды көре білуді талап ететін оқушылардың белсенді танымдық әрекетіне негізделген проблемалық ситуацияларды құру әдістері екенін байқаймыз.

Проблемалық оқыту әдісінің қазіргі кездегі теориясында проблемалық ситуациялардың екі түрі ажыратылады: психологиялық және педагогикалық. Біріншісі оқушылардың іс-әрекетіне қатысты, екіншісі оқу процесін ұйымдастыруды көрсетеді.

Педагогикалық проблемалық ситуация таным объектісінің жаңашылдығын, сұлулығын және тағы да басқа ерекше қасиеттерін көрсететін мұғалімнің сұрақтарының, белсендіру әрекеттерінің көмегі арқылы жасалынады. Ал психологиялық проблемалық ситуацияны жасау ерекше жекеше болады. Өте қиын да емес, немесе жеңіл де емес танымдық міндеттер оқушылар үшін проблемалық ситуацияларды тудырмайды, яғни проблемалық ситуация оқушылардың шама-шарқына сай болуы керек. Проблемалық ситуациялардың оқу процесінің барлық кезеңдерінде жасалу мүмкіндігі бар: түсіндіру, бекіту, бақылау кезінде. Мұғалім проблемалық ситуацияларды жасайды, оның шешімін табу үшін оқушыларға жол сілтейді, шешімді іздеп табуды ұйымдастырады. Осылайша оқушы оқытудың субъектісі позициясын ұстанады, нәтижесінде жаңа білімге ие болады, әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгереді. Проблемалық оқытуды басқарудың қиындығы мынада, проблемалық ситуацияның пайда болуы — жеке акт, сол себепті мұғалімнен дифференциалды және жеке тәсіл талап етіледі.

Проблемалық ситуация дегеніміз не екенін ұғыну үшін проблема дегеніміз не екенін түсінуіміз керек. Философтар проблема дегеніміз — білмегенінді нақты білу деген анықтама береді. Шынында, проблема адам баласы үшін тек мына жағдайда туындайды, егер де оның шарты таныс немесе толығымен қарапайым, талап, мәселе түсінікті, яғни адам өзіне нені іздеу керек екенін біледі. Ситуациядағы таныс және таныс еместі сезіну проблеманы қабылдау, ойландыру жағдайын, психологиялық ыңғайсыздық тудырады, туындаған белгісіздік жағдайынан ақпарат жетіспеушілігінен шығу жолын іздеуге ниеттендіреді. Проблемалық ситуация дегеніміз осы [8].

*Проблемалық ситуацияларды тудырудың әдістемелік тәсілдері:*

- мұғалім оқушыларды қайшылыққа жеткізеді және оны шешу амалын өздері табуды ұсынады;
- практикалық іс-әрекет қайшылығын түйістіреді;
- бір сұраққа әр түрлі көзқарасты баяндайды;
- сыныпта проблемаларды әр түрлі позицияда қарастыруды ұсынады (мысалы, заңгер, психолог, қаржыгер, педагог, психолог және т.б.);
- нақты сұрақ қояды (қорытуға, негіздеуге, нақтылауға, логикалық пайымдауға);
- теориялық және практикалық проблемалық тапсырмаларды анықтайды (мысалы, зерттеу);
- проблемалық тапсырмаларды қояды (мысалы, жеткіліксіз немесе артық бастапқы деректермен, біле тұра жіберілген қателермен, белгісіз сұрақ қою, қарама-қарсы деректермен, талдау уақытының шектелуімен, «психологиялық серпінді» жеңу және т.б.).

*Проблемалық оқыту әдісін жүзеге асыру үшін қажет:*

- ең өзекті, мәнді проблемаларды таңдау;
- проблемалық оқыту әдісінің түрлі оқу жұмыстарындағы ерекшелігін анықтау;
- проблемалық оқыту әдісінің тиімді жүйесін құру, оқу және әдістемелік құралдар мен нұсқауларды жасау;
- оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін көрсетуге қабілетті, мұғалімнің дербес әдістемесі және шеберлігі.

*Проблемалық оқытудың төрт кезеңі бар:*

1. Мұғалім өзі проблеманы қояды және оны оқушылар белсенді тыңдап талқылағаннан кейін өзі шешеді.
2. Мұғалім проблеманы қояды, ал оқушылар оны өздігімен немесе мұғалімнің басшылығымен шешеді. Бұл жерде үлгіден алшақтау байқалады, ойлануға кеңістік ашылады.
3. Оқушы проблема қояды, ал мұғалім оны шешуге көмектеседі.
4. Оқушы проблема қояды және оны өзі шешеді.

*Проблемалық оқыту әдісінің артықшылығы:*

- өздік шығармашылық әрекетімен білім алу;
- оқу еңбегіне деген өте жоғары қызуғышылық;

- продуктивтік ойлауды дамыту;
- оқытудың берік және тиімді нәтижесі.

*Проблемалық оқыту әдісінің олқы жақтарына* келесілерді жатқызуға болады:


- оқушылардың танымдық әрекетін басқарудың әлсіздігі;
- жобаланған мақсатқа жетуде көп уақыттың кетуі;
- жеке топтарда тілдік дайындаудың төмен деңгейі;
- қандай да бір тақырыпты мұқият оқып білуде уақыттың жетіспеушілігі;
- осындай жұмыс формаларының әдеттенбегендігі;
- тілдік дайындығы нашар оқушыларды пікір алысуға тартудың қиындығы;
- жеке оқушылардың арасындағы пікір алысудың дауға айналып кету қаупі.

Қалай дегенмен де проблемалық оқыту әдісі оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытады. Сондықтан да шығармашылық шеберлікке біз келесі шеберліктерді жатқызамыз:

- дискуссия жүргізу;
- әріптесін тыңдау және естіп білу;
- дәйектерге негізделген өзінің көзқарасын білдіру;
- әріптесімен келісімге келу;
- өз ойын қысқа жеткізу;
- проблеманы шешудің бір емес бірнеше варианттарын табу.

Проблемалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың өздік жұмысын дамытуға көмегін тигізеді, оларды іздену және зерттеу әрекетіне тартады, танымдық қызығушылығын, іздену дағдысын және шеберлігін қалыптастырады. Ол мұғалім мен оқушының шығармашылық бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады, материалды анағұрлым терең және нық меңгеруге көмегін тигізеді.

*Проблемалық оқыту әдісін жүзеге асыру үшін төмендегі шарт орындалуы қажет (сур. қара):*



Сур. Проблемалық оқыту әдісі

Қандай да бір проблеманы тиімді талдау үшін алдын ала: оқушыларға талдау тақырыбы бойынша бір-біріне мүмкін сұрақтар дайындауды ұсыну; талдауды өткізу ережелерін анықтау; ұйымдастыру сәті, этикалық нормалар, сөзде тілдік клишелерді барлығының пайдалануға міндетті екендігі, сөйленген сөздің орташа нормасын (сөйлемдер саны), сөйлеудің дәйектілігі және т.б. жатады.

Проблеманы талдауды қорытындылау маңызды кезең болып табылады. Дискуссия кезінде оқушылардың белсенділігін қолдау және ынталандыру және олардың әрқайсысының жұмысқа қатысын объективті бағалау үшін мұғалім оларды мадақтаудың түрлі тәсілдерін қолдану мүмкіндігі бар. Мысалы, сабақ кезінде оқушылардың ұпай жинау мүмкіндігі бар. Сабақ соңында ұпай саны жинақталып, нәтижесі бойынша баға қойылады.

Сонымен, проблемалық әдіс әлеуметтік тапсырысқа, ғылыми білімнің дамытушы табиғатына және адамның әрекетінің практикалық-өзгертуші бағытына, жеке тұлғаны және жеке алғанда оқытуды дамытудың негізгі заңдылықтарына сәйкес келеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Шевкин В.С. Педагогика Дьюи на службе современной американской реакции. — М.: Педагогика, 1959. — 256 с.
2. Никандрова Н.Д. Проблемное обучение // Воспитание школьников. — 1993. — № 2. — С. 31–35.
3. Штейнмец А.Э. Принцип или способ // Вестн. высшей школы. — 1977. — № 1. — С. 7–12.
4. Волчегурский Л.А. Внедрение необходимо и реально // Вестн. высшей школы. — 1976. — № 10. — С. 20–23.
5. Мингазов Э.Г. Это принцип обучения // Вестн. высшей школы. — 1979. — № 7. — С. 11–15.
6. Соловов А.И. Информационные технологии обучения в профессиональной подготовке // Высшее образование в России. — 1995. — № 2. — С. 31–36.
7. Ильина Т.А. Проблемное обучение // Вестн. высшей школы. — 1976. — № 2. — С. 43–44.

УДК 378

### Повышение квалификации педагогов с учетом компетентностно-ориентированного содержания образования

Жумагалиева Д.Ш.

*Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, Уральск*

Мақалада құзыреттілікке бағытталған 12 жылдық білім беру моделіне жүйелі түрде көшуге дайындық барысындағы кейбір мәселелер қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі «құзыреттілік» түсінігіне талдау жасалады. Білім беру жүйесінде құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы жаңа нәтижелер алу мүмкіндігі негізделеді. 12 жылдық білім берудің құзыреттілікке бағытталған мазмұнына сәйкес «Құзыреттілікке бағытталған білім берудің теориясы, технологиясы және әдістемесі» атты семинар-тренингтің жобасы сипатталады. Мақаланың негізгі түйіні — қазіргі педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейі мен 12 жылдық білім беруге көшу жағдайындағы педагог кадрларға қойылатын жаңа талаптарды сәйкестендіру.

This article discusses some issues of preparing teachers to work within the competence-based approach to education in the transition to 12-year schooling. Analyzed the essence of the concept of «competence» as a key concept for modern education. The necessity of tracking the new result of education through Competence-oriented tasks. We describe a project of the training seminar «Theory, technology and methodology of the competence-oriented education», developed and implemented in the preparation of teachers for a 12-year schooling. The main attention is paid to the appointment of the training seminar — closing the gap between the level of professional competence of existing teachers and new requirements for teachers in the transition to 12-year education.

В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике учебно-воспитательного процесса. В этих условиях учителю необходимо ориентироваться в широком спектре современных инновационных подходов к конструированию учебных материалов нового поколения. Подготовка новых видов учебных материалов, изменение их функций и способов использования в образовательной практике являются одной из составляющих модернизации образования.